

**Koshzhanova Gulshat**6D010500, PhD 2<sup>nd</sup> year student  
Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, the Republic of Kazakhstan  
E-mail: [gulshat8@inbox.ru](mailto:gulshat8@inbox.ru)  
ORCID ID 0000-0002-2905-8164**TEACHER-DEFECTOLOGIST FORMATION OF IMAGE COMPETENCE PSYCHOLOGICAL  
AND PEDAGOGICAL FOUNDATIONS***Annotation*

*In this article, it is necessary to consider the aspects of the use of image tools to create the image of a teacher defectologist, continuously identifying with the relationship of self-learning, knowledge enhancement, creativity, and responsibility. Today, society needs a diverse economy, culture, education, etc. and the development of these sectors is intensive. In this regard, the demand for modern pedagogues is increasing every day. Therefore, it is also important to establish a communication between a student and a teacher, while at the present time to overcome various pedagogical difficulties for the teacher in the learning process.*

**Key words:** *image, imageologie, competence, formations*

**Қошжанова Гүлшат**6D010500, PhD 2-курс докторанты  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті  
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы  
E-mail: [gulshat8@inbox.ru](mailto:gulshat8@inbox.ru)  
ORCID ID 0000-0002-2905-8164**ПЕДАГОГ-ДЕФЕКТОЛОГ ИМИДЖІЛІК ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ  
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ***Аңдатпа*

*Бұл мақалада педагог дефектологтың имиджін құру үшін ең алдымен имиджеология құралдарын қолдану аспектілерін қарастыру керек, үздіксіз өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру, іске деген шығармашылық және жауапкершілік қатынасымен анықталады. Бүгінгі таңда заман талабына сай қоғамның әр түрлі экономика, мәдениет, білім, т.б. салаларында даму да қарқынды жүруде. Осыған орай қазіргі педагог имиджіне қойылар талап та күн сайын арту үстінде. Сондықтан да қазіргі уақытта оқу үрдісінде оқытушы үшін әр түрлі педагогикалық қиыншылықтарды жеңу былай тұрсын, студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынасты (коммуникация) орнату да маңызды болып табылады.*

**Түйін сөздер:** *имидж, имиджеология, құзырет, қалыптастыру.*

Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық — заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», — деп атап көрсетті [1]. Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай

өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Бүгінгі таңда заман талабына сай қоғамның әр түрлі экономика, мәдениет, білім, т.б. салаларында даму да қарқынды жүруде. Осыған орай қазіргі педагог имиджіне қойылар талап та күн сайын арту үстінде. Сондықтан да қазіргі уақытта оқу үрдісінде оқытушы үшін әр түрлі педагогикалық қиыншылықтарды жеңу былай тұрсын, студентпен мен оқытушы арасындағы қарым-қатынасты (коммуникация) орнату.

Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагогтер қауымы болып табылады. Мемлекеттің педагог мамандарға бағдарланған әлеуметтік тапсырысы ең алдымен оқу орнында жұмыс жасауға психологиялық, педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан дайын болуын, өз бетімен жауапты шешім қабылдай алатын ынтамақтастыққа икемді, ел тағдырына жанашырлықпен қарайтын жоғарғы құзіретті адамдарды қалыптастыруды көздейді, осы орайда білім беру сапасы мен тиімділігін арттыру міндеттері мен оны жүзеге асыруда педагогтердің кәсіби құзіреттігін қалыптастырудың негізгі бағыттарын анықтап алу маңызды [2].

Құзіреттілік оқу нәтижелерімен қатар, білім алушылардың шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін көрсетеді. Бүгінгі күнде қоғам қойып отырған талаптардың бірі осы шығармашылық адамын тәрбиелеу. Шығармашылыққа баулу, қалыптастыру, тәрбиелеу процесін оқытудың инновациялық технологиялар арқылы жүзеге асыруға болады [3].

«Кәсіби құзіреттілік» адамның өзіндік деңгейіне, тәжірибесімен және өзіндік қабілеттерімен ерекшеленіп, оның түрткі болған талпынысы, үздіксіз өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру, іске деген шығармашылық және жауапкершілік қатынасымен анықталады.

Зерттеуші Г. К. Кусаметованың анықтамасы бойынша: «Педагог имиджі деп – оның ішкі және сыртқы процессуалды компоненттерінің бейнелік жүйелері. Ол әрекет стилінде беріледі, сыртқы көрінісі, келбеті, сөзі, іс – қимылының мәнері, ым, ишараты арқылы байқалады». Бұл анықтама оның ойынша педагог имиджінің сипаттамасын толық береді – деп есептейді [4].

Қазірде педагог дефектологтың кәсіби іс - әрекетінің табысты болуы көбінесе имиджге байланысты. Бұл орайда тілге тиек болатыны, педагогтардың біліктілігінің төмендігі, шәкірттермен арадағы педагогикалық әдептілік негіздері қарым - қатынастардың қажырлығы және оның барлық уақытта сақтала бермеуі [5]. Бүгінгі дефектолог тұлғасы оның әдептілігіне, сыпайылығына, жүріс-тұрысына, өзінің мінез-құлқын басқаруына байланысты.

А. А. Калюжный өзінің «Педагогикалық имиджелогия» оқулығында білім беру тарихының қақпасында үлкен әріптермен айшықталған. Осыған орай қазіргі педагог имиджіне қойылар талап та күн сайын арта түсуде. Болашақ дефектологтың имиджін қалыптастыруда адам-шығармашыл ретінде, театр өнерінің белгілі бөліктері және ролі аталып, педагогикалық артистизм сәйкестігі туралы қызықты тұрғыда ұсынылды (Ю. П. Азаров, О. С. Булатова, Е. И. Ильин, В. А. Кан –Калик ж.т.б.) [6].

Имидж - өзіндік қасиеттері, қарым-қатынас іс-әрекеті үйлесімді тұлға бейнесі. Имидж – ұстазды тәрбиеленушілердің, ұжым мүшелерінің іс-әрекетіне, адамгершілік қасиетіне қарай бағалауы. Осы тектес анықтамаларды саралай келе, біз «педагогикалық имиджелогия - өз шеңберінде гуманизмнің психология, педагогика, риторика сияқты ғылым салаларымен, оның ережелерімен сабақтасатын, адамға әсер етудің технологиясын зерттейтін ғылым» екенін көреміз [7]. Педагогт дефектологтың имиджін құру үшін ең

алдымен имиджелогия құралдарын қолдану аспектілерін қарастыру керек. Имиджелогияның ең басты ережесі болып келесі постулат: ешқандай имиджелогия шынайылықты ауыстыра алмайды. Ол тек жағымды тұстарын еселеуге көмек беріп, жағымсыз тұстарын бәсеңдетеді. Педагогикалық имидждің басты бөлігі болып келесі:

1. Имиджді жасау ол тек толықтырушы, педагогикалық іс әрекетті ауыстыра алмайды.
2. Педагогикалық имиджді жасау үшін педагогикалық іс әрекеттен бұрын ұзақ көңіл аудару қажет.
3. Коммуникация негізінде қарапайым тіл қажет, қарастыратын мәселенің әрбіреуінің мәні болуы тиіс.
4. Міндетті түрде басқа жақтан эксперттер қажет.

Дефектолог имиджі – мұғалім, оқытушы бейнесінің тәрбиеленушілер, әріптестер және әлеуметтік жұртшылық санасында, бұқаралық санада қабылданудың стереотипі. Педагог имиджінің қалыптасуында нақты сапалар тығыз байланыста болады, бұл оқушының, студенттің, ата-аналардың, жұртшылықтың ол туралы ойынан туған бейнесі. Дефектологтың имиджі жоғары мектеп болып табылады үйлесімді жиынтығымен сыртқы және ішкі сипаттамаларын құрайтын және оның құрылымын қамтиды типтік және жеке қасиеттер анықтайды, дайындығы мен қабілеттілігі оқытушының өзара іс-қимыл субъектілері білім беру кеңістігінен көрініс табады. Дефектологтың кәсіби құзыреттілігі оның педагогикалық қызметі, мазмұны едәуір дәрежеде сипатымен анықталады өзара іс-қимыл әрекетімен ерекшеленеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында 2005-2010 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Астана-2004.
2. Калюжный А. А. Педагогическая имиджелогия. Алматы, 2004.
3. Андреева Г. М. Психология социального познания. М., 2000.
4. Громкова М. Т. Психология и педагогика профессиональной деятельности: Учеб.пособие для вузов. М., 2003.
5. Кошжанова Г. А. Болашақ дефектологтың имиджін қалыптастырудың педагогикалық техникасы. //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы, № 2(58), 2018 ж.
6. Имиджелогия. Как нравиться людям / Сост. В.М. Шепель. М., 2002.
7. Криксунова И. Создай свой имидж. СПб., 1997 ж.